

ТАУАР ЖЕТКІЗУ ТИПТІК ШАРТЫ №

_____қ.

«__» _____20__ж.

ҰЙЫМ _____, бұдан әрі – «Сатушы» деп аталатын _____ (лауазымы) _____, _____ негізінде әрекет ететін, бір тараптан, және ҰЙЫМ _____, бұдан әрі – «Сатып алушы» деп аталатын, _____ (лауазымы) _____, _____ негізінде әрекет ететін, екінші тараптан, бірге «Тараптар» деп аталатын, осы шартты «Каспий» Тауарлық биржасы» АҚ анонимді қосарланған қарсы аукцион режимінде жасалған № _____ ж. биржалық мәмілені (бұдан әрі – Биржалық мәміле туралы есеп) жүзеге асыру негізінде төмендегідей Келісімшарт жасасты:

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Биржалық мәміле туралы есеп пен Тауардың сипаттамасында көзделген тәртіп пен шарттарға сәйкес **Сатушы**, бұдан әрі «**Тауар**» деп аталатын тауарды жеткізуге, ал **Сатып алушы** Тауардың сипаттамасына сәйкес оны қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.
- 1.2. Тауардың көлемі мен жеткізілу мерзімі Биржалық мәміле туралы есеппен айқындалады, Тауар **Сатып алушының** жөнелтуге берген өтінімі негізінде тиеп-жөнелтіледі.
- 1.3. Тауарды жеткізу базисі осы Келісім-шартқа қоса берілген Биржалық мәміле туралы есеппен белгіленеді.
- 1.4. Осы келісім-шарт бойынша жеткізілетін Тауар Сатушының меншіктік құқық негізінде тиесілі болып табылады.

2. ЖЕТКІЗУ КӨЛЕМДЕРІН КЕЛІСУ

- 2.1. **Сатушы** тауарды **Сатып алушының** тауарды тиеп-жөнелтуге берген өтінімінде көрсетілген деректемелер бойынша жеткізеді. Бұл өтінім **Сатып алушыдан Сатушыға** факс немесе электрондық байланыс арқылы жіберілуі мүмкін. Өтінімде **Сатып алушы** жеткізу мерзімін, жеткізілім көлемін, тағайындау станциясын, Жүк алушының деректемелерін және теміржол жүкқұжаттарын рәсімдеуге қажетті өзге де мәліметтерді көрсетеді.
- 2.2. **Сатушы** қабылдаған өтінім акцептелген болып саналады және тауарды өз кезегінде тауарды қабылдауға және төлеуге міндетті **Сатып алушыға** жөнелтудің негізі болып табылады..
- 2.3. Егер Тауар **Сатып алушыға** толық жеткізілмеген жағдайда, **Сатушы** ақшалай қаражатты 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қайтарады.

3. ТАУАРДЫ ЖӨНЕЛТУ

- 3.1. **Сатушы** жүк тасымалдауға үшінші тұлғаны (Жүк жөнелтушіні) тартуға құқылы. Теміржол түбіртектерінің қызметтік белгілер бағанында жөнелтілетін жүктің тиесілігі көрсетілуі тиіс.
- 3.2. Қажет болған жағдайда Сатушы Сатып алушыға жөнелту станциясында Жүк тасымалдаушы алдыңғы күні берген вагондардың нөмірлерін және әр вагондағы Тауардың салмағын хабарлайды.
- 3.3. **Сатушының** Тауарды жөнелту жөніндегі міндеттемелерін орындау сәті теміржол жүкқұжатында көрсетілген, Жүк тасымалдаушының жүкті тасымалдауға қабылдаған күні болып есептеледі.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ

- 4.1. Осы келісім-шарт бойынша Тауарды жеткізу тиеу станциясынан тағайындау станциясына дейін теміржол көлігі арқылы Тауардың сипаттамасында айқындалғандай вагондарда үйінді түрінде, басқы

немесе орау түрінде жүзеге асырылады. Жеткізудің ең төменгі нормасы – бір вагон. Жеткізу Тауардың сипаттамасына сай Инкотермс 2010 шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. Тауарды жеткізу Тараптар келісіп, ресімдеген өтінімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

4.3. **Сатып алушының** келісімімен тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге жол беріледі.

4.4. Тауарды жеткізу кезінде осы келісім-шартта көзделген көлемнен техникалық сипаттамасында көрсетілген толеранс шегінде ауытқуларға жол беріледі. Келісілген партия көлемінен артық жөнелтілген тауар кейінгі жеткізілімдер есебіне жатқызылады және **Сатып алушы** тарапынан келесі партия үшін төлеммен бірге төленеді.

5. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗІП БЕРУ

5.1. Тауарды жеткізіп беру техникалық тұрғыдан жарамды және қолайлы көлік құралдарында жүзеге асырылады. **Сатып алушы** жүк түсіруді уақытылы қамтамасыз етуге және теміржол вагондарын Қазақстан Республикасындағы жүк тасымалдау ережелеріне сәйкес қайтаруға міндетті.

6. ТАУАРДЫ САНЫ МЕН САПАСЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ

6.1. Осы келісім-шарт бойынша жеткізілетін тауардың сапасы Қазақстан Республикасында қабылданған Тауарға қатысты стандарттарға сәйкес болуы тиіс және сәйкестік сертификаттарымен, сертификаттық сынақтардың хаттамасымен және өзге де қажетті құжаттармен расталуы қажет.

6.2. **Сатып алушы** немесе оның уәкілетті өкілдері осы келісім-шарттың талаптарына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 682 қаулысымен бекітілген «Теміржол көлігімен жүк тасымалдау қағидаларына» сәйкес тауарды қабылдайды.

6.3. **Сатып алушы** сапасыз Тауар өз станциясына түскен сәттен бастап сапаға қатысты кез келген шағымдар жөнінде **Сатушыны** еш кідіріссіз (24 сағат ішінде) хабардар етеді. Бұл ретте **Сатушы** шағым мәселелерін шешу үшін өзінің өкілін жіберу қажеттілігін айқындайды және шешімі туралы **Сатып алушыны** шағымды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

6.4. Жеткізілген Тауардың сапасы сәйкес келмеген жағдайда, ол **Сатушы** өкілі келгенге дейін жауапты сақтауға қабылданады.

6.5. Егер **Сатып алушы** екіжақты Қабылдау актісін жасау үшін **Сатушы** өкілін шақыру туралы хабарламаса, онда жөнелтілген Тауар барлық қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп есептеледі.

6.6. Егер **Сатып алушы** шағым жасалған партияны немесе оның бір бөлігін **Сатушы** өкілі келгенге дейін пайдаланса, онда сол партияның қалған бөлігі немесе оның бір бөлігі сапасыз тауар ретінде қаралмайды.

6.7. **Сатып алушы** **Сатушы** өкілін негізсіз шақырған жағдайда, шағым мәселелерін шешуге байланысты (іссапар шығындары, көлік шығындары және т.б.) **Сатушының** барлық шығындарын өтейді.

6.8. **Сатып алушыға** сапа талаптарына сай келмейтін Тауар жеткізілгені осы Келісімшарт талаптарын сақтай отырып анықталған жағдайда, Сатып алушы Сатушыдан Тауардың құнын тиісінше азайтуды талап етуге құқылы.

6.9. Алынған тауардың салмағын анықтау **Сатып алушы** тарапынан табиғи кему нормалары мен масса анықтау дәлдігі нормаларын ескере отырып жүргізіледі.

Жеткізілген тауардың санын тексеру тағайындау станциясында әрбір вагонды өлшеу арқылы жүзеге асырылады.

Тауар жетіспеушілігі анықталған жағдайда, **Сатушы** өкілін жазбаша түрде шақыру міндетті болып табылады. Бұл ретте **Сатушы** өкілін жазбаша шақыру жетіспеушілік анықталған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірілмей Сатушыға жіберілуі тиіс. Сатушы тиісті шақыруды алған сәттен бастап 24 сағат ішінде Сатып алушыға тауар санын тексеруге қатысу үшін өзінің өкілін жібере ме, жоқ па екенін хабарлауға міндетті. Шақыруға белгіленген мерзімде жауап берілмеген жағдайда немесе Сатушы өкілдері жауапта көрсетілген мерзімде келмеген жағдайда, жетіспеушілік туралы актіні **Сатып алушы** теміржол өкілдерінің қатысуымен жасайды.

Іс жүзінде жөнелтілген Тауар көлемі техникалық жеткізбеу/артық тиеу немесе өзге себептер

бойынша Сатып алушы төлеген көлемге сәйкес келмеген жағдайда, мынадай салдарлар белгіленеді:

- 1) Егер Сатушы Тауарды техникалық жеткізбеу себебінен аз көлемде тапсырса, онда Сатушы Сатып алушының жазбаша талабы бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жеткізілген және төленген Тауар көлемінің арасындағы айырмашылық сомасын қайтарады.
- 2) Егер Сатушы Тауарды Техникалық артық тиеу себебінен көп көлемде тапсырса, онда ол Сатып алушыға жеткізілген және төленген Тауар көлемінің арасындағы айырмашылыққа шот ұсынуға құқылы.

6.10. Тауар жетіспеушілігі немесе оның сапаға сәйкессіздігі бойынша шағымдар тиісті жетіспеушілік актісі немесе жеткізілген тауардың сапаға сәйкессіздігі туралы акт жасалған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей қойылуы тиіс. Осы мерзімді бұзған жағдайда шағымдар қарауға қабылданбайды.

7. БАҒА ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

7.1. Тауардың бағасы биржалық мәміле туралы есеппен айқындалады.

7.2. Тараптар тауарды жеткізу және төлеу факсимильді, электрондық көшірмелер бойынша жүргізіліп, кейін міндетті түрде түпнұсқалар ұсынылатындығы жөнінде келісімге келді.

7.3. Тауарды төлеу Сатып алушы тарапынан Сатушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы, Тауардың сипаттамасында көрсетілген мерзімде және шарттарда жүргізіледі.

7.3.1. Егер есеп айырысу биржаның Клиринг орталығы («Казэнерджи Консалт» ЖШС) арқылы жүзеге асырылатын болса, Сатып алушы төлемді клирингтік қызмет көрсету шартына сәйкес көрсетілген деректемелер бойынша Клиринг орталығының есеп айырысу шотына аударады.

Клиринг орталығы Тауардың құнын Сатушының банктік шотына Спецификацияда және Клиринг регламентінде белгіленген шарттарда, мерзімде және тәртіппен аударады.

7.4. Төлем күні деп ақша қаражаты Сатушының есеп айырысу шотына түскен күн есептеледі.

7.5. Қорытынды есеп айырысу Тараптар өзара есеп айырысу актісіне қол қойғаннан кейін 5 (бес) банктік күн ішінде жүргізіледі.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

8.1. Шарт тараптары осы келісім-шартқа қатысты мәліметтердің құпиялығын сақтауға және оларды үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

8.2.1. Егер Шарт бойынша төлем шарттары бұзылса, мәміле тарапы Сатып алушы өз міндеттемелерін орындамағаны үшін адал емес Тарап болып танылады. Клиринг орталығы Клиринг регламентінде белгіленген мерзімде бұл туралы мәміле тарапы Сатушыны хабардар етеді және жәбірленуші Тарапқа айып ретінде адал емес Тараптың кепілдік қамтамасыз ету сомасын аударады.

Осы ретте мәміле бойынша Тараптардың міндеттемелері тоқтатылады және бұл осы Шартты жарамсыз деп тануға негіз болады.

8.2.2. Егер осы Шарт бойынша Тауарды толық тиеуден бас тарту (жеткізбеу) жағдайы орын алса, Клиринг орталығы Сатып алушыға Сатушыдан ұсталған кепілдік қамтамасыз ету сомасын жеткізілмеген тауар көлеміне пропорционалды түрде аударады, мәміленің қалған бөлігі тоқтатылады, ал Шарт жарамсыз деп танылады да, аванстық төлем сомасы (егер есеп айырысу Клиринг орталығы арқылы жүргізілсе) жеткізілмеген тауар бөлігі үшін Клиринг орталығы арқылы Сатып алушыға қайтарылады.

8.3. Осы Шартта көзделмеген бөлігінде, Тараптар шартты орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.

8.4. Осы Шарттың жасалуына, орындалуына немесе тоқтатылуына байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында шағым тәртібімен шешіледі.

8.5. Шағымды алған Тарап оны қарауға және жауап беруге оны алған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде міндетті. Шағымдар алушыға пошта жөнелтілімін жеткізу туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберіледі.

8.6. Шарттан туындайтын немесе онымен байланысты, оның жарамдылығына, жасалуына, орындалуына, өзгертілуіне және бұзылуына қатысты, бірақ олармен шектелмейтін барлық даулар және/немесе келіспеушіліктер Биржаның тұрақты жұмыс істейтін биржалық арбитражында

түпкілікті реттелуге жатады.

8.7. Айыппұл төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

9. ФОРС-МАЖОР ЖАҒДАЙЛАРЫ

9.1. Егер міндеттемелерді орындамау форс-мажор жағдайларының (төтенше еңсерілмейтін күш) салдарынан туындаса, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

9.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған жағдай туған Тарап аталған жағдайлардың басталуы және ұзақтығы туралы екінші тарапты 10 (он) күнтізбелік күн ішінде мемлекеттік құзыретті органның анықтамасымен расталған хабарлама жіберу арқылы хабардар етуі тиіс.

9.3. Форс-мажор жағдайларына осы Шарт жасалғаннан кейін Тараптар үшін еңсерілмейтін және қайтымсыз төтенше оқиғалардың нәтижесінде туындаған жағдайлар мысалы: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа табиғи апаттар, соғыс және әскери іс-қимылдар, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды шектейтін актілер шығаруы жатады.

9.4. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауы аталған жағдайлардың әрекет ету кезеңіне кейінге қалдырылады. Егер аталған жағдайлар 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар осы Шартты бұзу және іс жүзінде орындалған міндеттемелер бойынша өзара есеп айырысуды жүзеге асыру туралы келісуге құқылы.

10. ӨЗГЕ ДЕ ЖАҒДАЙЛАР

10.1. Осы келісім-шарт әр Тарап үшін бір-бірден екі түпнұсқа данадан жасалды және олардың заңды күші бірдей. Егер есеп айырысу Клиринг орталығы арқылы жүргізіледі, Тараптардың әрқайсысы үшін бір нұсқадан және Клиринг орталығы үшін бір дана болатын үш түпнұсқа жасалады.

10.2. Осы келісім-шарт биржалық мәміле жасалған сәттен бастап күшіне енеді және «_» _____ 20 ж. дейін қолданылады. Осы келісімшарт Тараптардың жазбаша келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

10.3. Төлем-есеп айырысу құжаттарын ресімдеу кезінде шарт нөміріне сілтеме жасау міндетті.

10.4. Осы келісім-шартта көзделмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

10.5. Осы келісім-шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалып және екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана заңды күшіне ие болады.

ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ, БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

«Сатушы»

«Сатып алушы»

МЕКЕНЖАЙЫ _____

МЕКЕНЖАЙЫ _____

БСН _____

БСН _____

ЖСК _____

ЖСК _____

БАНК _____

БАНК _____

БСК _____

БСК _____
